

САН САЛАНЫ ТОҒЫСТЫРҒАН СЕРПІЛІС

Қосшы – еліміздің ең жас қалаларының бірі. Соған қарамастан, дамудың даңғыл жолына түскен, халық саны күн санап артып, әлеуметтік сұраныстар еселене түскен шаһар. Инфрақұрылымдық жаңғырумен қатар, заманауи қызмет көрсету мен тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған жаңа тәсілдер күн тәртібінен түспейді. Ақпараттық жүйелерді енгізу, қызметтерді автоматтандыру, тұрмыс жеңілдігін арттыру – бүгінде уақыттың талабы.

Қазақстан өңірлерінде басталған цифрлық жаңғыру үдерісі Қосшы үшін де маңызды кезеңге айнала алады. Коммуналдық қызметтерді оңтайлы басқару, білім беру жүйесін даралауға көшіру, денсаулық сақтау саласына ақылды шешімдер енгізу – қала болашағы



Фотосурет: ҚР Президентінің ресми сайтынан

үшін негізгі басымдықтардың қатарында. Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа Ұлттық суперкомпьютерлік орталықта бірқатар отандық IT-жобалар таныстырылды. Ұсынылған шешімдердің ауқымы мен тереңдігі – Қосшы сияқты серпінді

қалалар үшін тың бағдар. Бұрын тек ғылыми-фантастикалық фильмдерден көрінетін жасанды интеллект, деректерге негізделген платформалар мен автоматтандырылған жүйелер бүгінде нақты өмірдің бір бөлшегіне айналып отыр.



Фотосурет: қала әкімінің баспасөз мәслихатынан алынды

Жиын барысында қатысушыларға Әдеп кодексінің талаптары мен мазмұны кеңінен таныстырылды. Мемлекеттік қызметшінің әрбір сөзі мен ісі тек заңмен емес, адамгершілік пен ішкі тәртіппен өлшенетіні атап өтілді. Лауазымдық міндеттерді атқару үстінде танытылатын сыпайылық, кішіпейілділік, ашықтық

және жауапкершілік – бүгінгі заманның басты құндылықтарының қатарынан орын алуы тиіс екені баса айтылды. Қызмет бабында әдеп сақтай білген маман өз беделін биіктетіп қана қоймай, бүкіл мемлекеттік құрылымның абыройын асқақтатыны сөзсіз. Семинарда осы идеяның маңы-

МІНДЕТ ЕМЕС, МӘДЕНИЕТ

ҚОҒАМ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІДЕН НЕ КҮТЕДІ?

Қоғамның сенімінен асқан баға жоқ. Ал сол сенім мемлекеттік қызметшінің мінезі мен мәдениетінен бастау алады. Қосшы қаласында өткен тағылымды басқосуда дәл осы мәселеге ерекше назар аударылды. Ақмола облысы әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі Айнагүл Жанәділова мемлекеттік қызметшілерге арнап семинар ұйымдастырып, ар-намыс пен адалдық турасында кеңінен сөз қозғады.

здылығы, этика талаптарының формалды ережелерден әлдеқайда кең ұғым екені, оның астарында үлкен рухани жауапкершілік жатқаны айтылды. Әдеп жөніндегі уәкіл жеке қабылдау кезінде тұрғындар тарапынан қойылған сауалдар мен ұсыныстарға мұқият қарап, кәсіби кеңес берді.

ҚОСШЫНЫҢ ӨНІМДЕРІ ӨНІРЛІК КӨРМЕДЕ ТОП ЖАРДЫ

Көкшетау қаласында Ақмола облысы Кәсіпкерлер палатасының ұйымдастыруымен «Бір ауыл – бір өнім» көрмесі өтті. Оған аймақтағы қалалар мен аудандардан 50-ге жақын кәсіпкер қатысты.

Көкшетау қаласында Ақмола облысы Кәсіпкерлер палатасының ұйымдастыруымен «Бір ауыл – бір өнім» көрмесі өтті. Оған аймақтағы қалалар мен аудандардан 50-ге жақын кәсіпкер қатысты. Көрмеде Қосшы қаласының төрт кәсіпкері өз өнімдерін ұсынды: Нәзігүл Кәкеш басқаратын «Асылай» ЖК бөдененің жұмыртқасы, ұшасы және ысталған ет өнімдерін апарды. Қазіргі таңда шаруашылықта мың бас тауық пен жеке инкубатордан шыққан мың балапан бар. Құрамы айрықша, кішкентай, қоректік және диеталық жұмыртқалар күнделікті



Фотосурет: қалалық мемлекеттік баспасөз қызметі

тамақтануға, емдік мақсатта тұтынуға, тіпті диета ұстауға да жарамды. Сондай-ақ сапасы жоғары, дәмді құс еті, пісірілген, бұқтырылған, ысталған және қуырылған тағамдарды дайындау үшін де пайдаланылады.

Әлия Қалиасқарова – қазақтың дәстүрлі сырмақ, текемет сынды киіз бұйымдарын жасап, осы өнер түрінің сақталуы жолында еңбек етіп жүрген қолөнерші. Оның туындылары АҚШ, Дания, Франция сияқты шет елдерге сатылып,

УАҚЫТЫЛЫ ТӨЛЕМ – ҚАЛА ДАМУЫНА ҚОСЫЛҒАН ҮЛЕС

Қосшы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы 2024 жылға арналған жеке тұлғалардың мүлік салығы жөніндегі хабарламаларды тарату жұмыстарын бастап кетті. Салықтық міндеттемені орындаудың соңғы күні – 2025 жылдың 1 қазаны. Күнтізбеге көз жүгіртіп, «әлі уақыт бар» деп жайбарақат қарап жүргендер де табылар. Алайда дәл осы «әзірге ерте» деген кезең ертеңгі нәтижелі істердің бастауы емес пе?

Мүлік салығы пәтер, тұрғын үй, саяжай құрылысы, гараж сияқты нысандардың иелеріне қатысты есептеледі. Әрбір төлем – қалалық тіршіліктің тынысын реттейтін нақты қадам. Жол жөнделсе, мектеп салынса, көшеде жарық жанса, мұның бәрі – ортақ игілік жолындағы ұжымдық әрекеттің жемісі. Жуырда өзін де e-Salyq Azamat қосымшасын ашып, жеке мүлкіме қатысты салық мөлшерін тексеріп шықтым. Барлық мәлімет түсінікті, төлем жасау оңай. Бар болғаны бірнеше минут. Осы қарапайым қадамнан соң іштей бір жеңілдік сезілді. Кеудеде «борышымды өтедім» деген тыныш сенім. Қала өміріне бейжай қарамайтынды сәл де болса дәлелдегендей болдым.

БӘРІ БІР СМС-ТЕН БАСТАЛДЫ...

Қазіргі қоғамда алаяқтық әрекеттердің ауқымы ұлғайып, жаңа сипат алып барады. Әсіресе интернет кеңістігінде қаскүнемдердің қулығына еріп, сан соғып қалғандар саны көбейгені алаңдатарлық. Күнделікті тірлікте көзге көріне бермейтін қауіптің бірі – дәл осындай желі арқылы жасалатын қылмыстар. Сондықтан құқықтық сауаттылық пен ақпараттық сақтық мәселесі күн тәртібінен түспеуі тиіс.

Осы орайда 7-18 шілде аралығында «ТОҚТА – алаяқ!» атты жедел-профилактикалық іс-шара өтіп жатыр. Қосшы қаласы мен Тайтөбе ауылын қамтыған түсіндіру жұмыстары тұрғындардың құқықтық мәдениетін көтеруге, алдану фактілерінің алдын алуға бағытталған. Полиция бөлімінің қызметкерлері көшелер мен аулаларда жадынамалар таратып, әр үйге барып, қарапайым, бірақ маңызды ережелерді түсіндіруде. Қалалық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары, полиция подполковнигі Ерболат Кәріпбаев тұрғындарға үндеу жасап, интернет алаяқтарының әрекеттерінен сақ болуға шақырды.

ИННОВАЦИЯ

САН САЛАНЫ
ТОҒЫСТЫРҒАН СЕРПІЛІС



Фото: Сергей Кривоносов / Иллюстрация: Алексей Сидоров

(Басы 1-бетте)

Мұндай технологиялар күнделікті тұрмысты жеңілдетіп қана қоймай, қауіпсіздік пен жылдамдықты арттырудың тиімді құралына айнауда. Әсіресе SmartCity Astana жобасы ерекше назар аудартты. Бұл – нақты уақыт режимінде қала тіршілігін деректер арқылы басқаратын жүйе. Қалада орнатылған жүз мыңнан астам бейнебақылау камерасы қоғамдық тәртіпті үздіксіз қадағалайды. Жасанды интеллект азаматтардың қозғалысын, жүріс-тұрысын саралап, ықтимал қатерге алдын ала жауап қайтаруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік емес қаржыландыру арқылы жүзеге асып отырған мұндай жобалар Қосшы үшін де тәжірибе ретінде құнды болмақ. Қала қауіпсіздігін цифрлы жүйелер арқылы күшейту алдағы стратегиялық қадамдардың бірі бола алады.

Тіл мен мәдениетке негізделген AlemLLM моделі де көпшіліктің қызығушылығын туғызды. Қазақ тіліне бейімделген бұл жасанды интеллект жүйесі – ұлттық болмысты технологиямен ұштастыру жолындағы ілкімді қадам. Тілдік модель білім, медицина, мемлекеттік қызмет көрсету салаларында тестілік режимде қолданылуда. Өзге тілдік платформалармен салыстырғанда, ішкі жүйелерге толық бейімделуі, серверлік дербестігі және қазақы таныммен үндесуі – оның басты артықшылықтары. Қосшыдағы мемлекеттік мекемелер мен білім беру ұйымдары осындай технологияларды игеру арқылы тіл саясатына тың серпін бере алады.

Таныстырылым барысында мектеп оқушыларына арналған AI Kitar платформасына да тоқталды. Әр оқушының білім деңгейіне қарай бейімделетін бұл жүйе пәндік мазмұнды талдап, жеке оқу тапсырмаларын ұсынады. Қандай тақырып күрделі, не қызықты – жүйе өзі анықтайды. Дәстүрлі оқулық емес, нағыз цифрлық тәлімгер. Қосшы мектептері мұндай технологияны қолдана бастаса, оқыту сапасы жаңа деңгейге көтерілуі ықтимал.

Тұрғын үй саласында да жаңаша көзқарас байқалды. Vaspara Hub деп аталатын цифрлық экожүйе – пәтер іздеу, құжат рәсімдеу, жөндеу қызметіне тапсырыс беру сынды қызметтерді бір қосымшаға тоғыстырған. Бұрын бірнеше мекемеге жүгінуді талап ететін үдерістер қазір бір орталық арқылы реттеледі. Жоба – толықтай отандық мамандардың еңбегі. Мұндай қызмет түрлерін Қосшыда да кезең-кезеңімен енгізу тұрғындарға үлкен жеңілдік болар еді.

Көлік және логистика саласында табысты стартаптар пайда болуда. Мысалы, Vinu.co жобасы бүгінде халықаралық деңгейге шықты. Google-дің Silkway Accelerator бағдарламасының үздік үштігіне енген қазақстандық команда Соса-

Cola мен QazPost секілді ірі серіктестермен жұмыс істейді. Қосшыдағы жас кәсіпкерлерге осындай табысты үлгілер қолдау мен шабыт сыйлайтыны анық.

Құрылыс саласына арналған Surfaice.pro стартапы да ерекше үлгі. Негізін қазақстандықтар қалаған бұл жоба бүгінде АҚШ-тың бес штатында жұмыс істейді және 1,5 миллион доллардан астам инвестиция жинаған. Қосшы үшін мұндай мысалдар – кәсібин дамытқысы келетін жастар үшін нақты бағдар.

Спорт пен денсаулықты ұштастырған OlymriQ платформасы – спортшылардың физикалық және психологиялық жай-күйін бақылап, жаттығу барысын қауіпсіз етуге арналған шешім. Мұндай технологиялар Қосшыдағы спорт мектептері мен секцияларында қолданылса, жарақаттың алдын алып, спортшылардың жетістігін арттыруға мүмкіндік береді.

Өрт қауіпсіздігіне бағытталған жобалар қатарында орман алқаптарын бақылау жүйесі таныстырылды. «Бурабай» мен «Ертіс орманы» резерваттарында іске қосылған бұл шешім түтіннің алғашқы белгісін анықтап, шұғыл әрекетке жол ашады. Қосшы маңындағы орманды алқаптар мен жеке секторларда осындай жүйелер енгізілсе, экологиялық қауіптің алдын алу жеңілдей түсер еді.

Презентацияның соңында мемлекеттік қызметті оңтайландыруға арналған IT-шешімдер де назардан тыс қалмады. Кеңес хаттамасын автоматты түрде жазып, қорытындысын шығаратын ИИ-агент – заманауи құжат жүргізудің таптырмас көмекшісі. Ал медицинада AI-Терапевт дәрігердің сөзін тыңдап, алдын ала диагноз қоюға, ұсыныс беруге қабілетті. Қажет болған жағдайда радиологиялық сараптама жүйесі іске қосылады, жасанды интеллект өкпе кескінін мыңдаған база үлгісімен салыстырып, қатерлі ісіктің белгісін ерте кезеңде анықтай алады. Мұндай технология – адам өмірін құтқаруға жол ашатын құрал.

Таныстырылған жобалардың барлығы – отандық инженерлер мен стартапшылардың еңбегі. Олар қазақ тілінде сөйлейді, қазақстандықтардың қажеттіліктерін түсінеді, ұлттық менталитетпен үндес. Қосшы үшін де осындай бастамалар – дамудың жаңа бағыты. Озық технологиялар уақыт өте келе қала өмірінің ажырамас бөлігіне айналары сөзсіз.

Қосшы – әлеуеті зор, болашағы жарқын қала. Жасанды интеллекттен бастап, ақылды инфрақұрылымға дейінгі бастамалар ертенгі емес, бүгінгі қажеттілікке айналып келеді. Президентке таныстырылған жобалар – жай идея емес, нақты мүмкіндік. Ал ол мүмкіндікті өз қаламызда қалай жүзеге асыра алатынымыз – өзімізге байланысты.

МІНДЕТ ЕМЕС, МӘДЕНИЕТ
ҚОҒАМ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІДЕН НЕ КҮТЕДІ?

АШЫҚ ӘКІМДІК

(Басы 1-бетте)

Қоғам мен билік арасындағы байланысты бекемдеу үшін, бірінші кезекте сенімділік пен сыйластық қажет екені қайталанды. Себебі халықпен шенеуніктің арасындағы алшақтық – тек жүйелік емес, рухани кеңістіктен туындайтын күрделі мәселе.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік аппараттың жұмысын жаңғырту және халықпен тиімді кері байланыс орнату мәселесін үнемі күн тәртібінде ұстап келеді. Президенттің: «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаты – сөз жүзіндегі ұран емес, нақты іс пен көзқарасты талап ететін тұтас жүйе. Бұл идея – азамат пен мемлекеттің арасын жалғайтын алтын арқау. Мемлекеттік қызметкер осы бағытты берік ұстанғанда ғана қоғамның шынайы сеніміне ие бола алады.

Қызметтік әдеп тек ереже мен тәртіптің жиынтығы емес. Ол – жүрекпен атқарылатын іс, ішкі мәдениеттің көрінісі. Осындай семинарлар мен кездесулер – мемлекеттік қызметшінің өзін-өзі тануына, кәсіби тұрғыдан өсуіне және ел алдындағы парызын терең түсінуіне зор мүмкіндік береді. Өйткені әрбір атқарылған іс, айтылған сөз халықтың көңілі мен үмітіне тікелей әсер етеді.

Сейітбатал ҚАСЫМОВ

ОТАҢДЫҚ ӨНІМ

ҚОСШЫНЫҢ ӨНІМДЕРІ
ӨҢІРЛІК КӨРМЕДЕ ТОП ЖАРДЫ

(Басы 1-бетте)

Ұлттық өнеріміздің халықаралық деңгейде танылуына өз үлесін қосуда. Кәсіпорын күнделікті тұрмысқа қажетті бұйымдар, киізден кәдесыйлар, сырмақ, текемет жасап, киіз үй жабдықтарын тоқумен айналысады. Кәсіпкердің басты мақсаты – көне қолөнерді көздің қарашығындай сақтау, кейінгі ұрпаққа жеткізу.

Ибраев Саматтың бұйымдары – ұлттық киімдер, ұлттық бас киімдер. Оның шеберханасы қолөнер сапасымен және дизайн мен тігіншілікте қазақтың салт-дәстүрінің сақталуымен танымал.

Гүлназ Жұмажан жетекшілік ететін «Жұмажан» ЖК ұлттық нақышта қалыңдықтың тойына арналған бұйымдар, көрпе, жүннен жасалған төсек-орын жабдығын дайындайды. Бұл өнімдер табиғи қой жүнінен жасалған, өте жеңіл және жылы. Суық мезгілдерде, ұйықтағанда жанға жайлы микроклиматты қамтамасыз етеді және денсаулыққа пайдалы.

Конкурстық комиссия келесі кезеңдерге қатысу үшін 10 жобаны таңдады. Үздік жобаның ондығына Қосшы қаласынан Әлия Қалиасқарованың кәсіпорны кірді. Жақын арада олар брендтік комитет алдында жобаларын қорғайтын болады.

Көрмеге қатысушыларының алдағы жоспарларының жүзеге асуын тілейміз!

Қуаныш Нуртазин,
Қосшы қаласының Кәсіпкерлер палатасының филиалының директоры

БӘРЕКЕЛДІ!

ҚОСШЫНЫҢ ЕРІ –
ҮЗДІКТЕР САПЫНДА

Ақмола облысы төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлері бас қосқан спорттық-интеллектуалдық сайыста Қосшы салалық қызметінің өкілі шеберлігімен, шапшаңдығымен және зеректігімен ерекшеленіп, мәртебелі жеңіске қол жеткізді.



Төтенше жағдайлар министрлігінің 30 жылдығы, Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы және Қазақстан халқы тілдері күніне орай ұйымдастырылған байқау Көкшетау қаласындағы №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аумағында өтті. Дәстүрлі сайыс кәсіби шеберлік пен рухани байлықты тоғыстырған тағылымды шараға айналды.

Қатысушыларға қойылған талаптар оңай болған жоқ. Дене-күш қуатының дайындығымен қатар, логикалық және стратегиялық ойлау қабілеті, мемлекеттік тілді кәсіби ортада қолдану дағдысы, стандарттан тыс жағдайда шешім қабылдай білу мен қимыл үйлесімділігі – бәрі сынға түсті. Әсіресе, Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығына қатысты тапсырмалар байқаудың мазмұнын тереңдете түсті.

Жарыс үш кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде қатысушылар шабуыл сатысымен жоғары көтеріле отырып, әр қабатта қазақ тілінде берілген сұрақтарға жауап берді. Келесі қабатқа өту үшін, Абай өмірі мен еңбектеріне байланысты тапсырмаға дұрыс жауап беру міндеттелді. Байқау барысында тілдік білім мен шапшаң қимылдың үйлесімі аса маңызды рөл атқарды.

Келесі кезең – тосқауылдар алаңымен жүгіру. Қатысушы кедергілерден сүрінбей өтіп қана қоймай, логикалық сұрақтарға жылдам әрі нақты жауап беруі тиіс. Ой мен қимылдың үндестігі, төзім мен зейін қатар сыналды.

Жеңімпаздар жарыс кезеңдерін өту уақыты мен тапсырмаларға берген дұрыс жауаптарының саны бойынша анықталды. Осы тұста Қосшы қаласының мақтанышы – №35 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндіруші-құтқарушысы Әлихан Бексұлтан бірінші орынға ие болды.

Кәсіби шеберлік пен жан-жақты дайындықтың үлгісін көрсеткен Әлиханның жеңісі – Қосшыдағы өрт сөндірушілер қызметінің сапасы мен дайындығының бір көрінісі. Оның табандылығы мен білімге деген ынтасы өріптестеріне де, жастарға да үлгі.

Жүлделі екінші орынды Бұланды аудандық №8 бөлімнің өкілі Ержан Балташев иеленсе, үшінші орын Шортанды аудандық №18 бөлімнің қарауыл бастығы Жандос Дәуітұлына бұйырды.

Осындай байқаулар қызметкерлердің кәсіби машықтарын шыңдап қана қоймай, мемлекеттік тілді дамытуға, ұлттық рухты көтеруге және рухани құндылықтарды дәріптеуге үлкен септігін тигізері сөзсіз. Ал Қосшыдан шыққан жеңімпаз қала атына лайық ерік-жігер мен рухты тағы бір мәрте паш етті.



Бетті дайындаған:
Жанар Ахметова, журналист

+7 778 878 89 89

t.me/janarakhmet

zhanarakhmetova90@gmail.com

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Қоғам үшін әрдайым үлгі-өнеге бола білген, адалдық пен әділдікті ту еткен тұлғалардың бірі – Таңатқан Жұмабайұлы. 1955 жылдың 2 қыркүйегінде Торғай облысының Амангелді ауданында төрт қыздан кейін дүниеге келген ол әулеттің зор үмітін аркалап өсті. Жас баланың алғырлығы мен зеректігі ерте бастан байқалды.



Таңатқан ЖҰМАБАЙҰЛЫ – ӨНЕР ШЫҢЫНДАҒЫ ҚАЙРАТКЕР ҰСТАЗ



Таңатқан Жұмабайұлы Ереубай 1973 жылы Қарағанды қаласындағы педагогикалық институттың музыка факультетіне түсіп, оны 1977 жылы ойдағыдай аяқтады. Туған ауылына оралған соң, мектепке музыка пәнінен сабақ беруге әрі мәдениет үйінің басшысы қызметіне орналасты. Білім ордасында оқушылардың ұлт аспаптары оркестрінің жетекшісі болып, Алматы, Қостанай секілді ірі қалаларда байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иеленді. Өнерлі балаларды тәрбиелеуге ерекше көңіл аударды. «Қазақстан дауысы» байқауының алғашқы жеңімпазы Шахаризат Сейдахмет осы мектептің түлегі болатын.

1985 жылдан бастап мектептің оқу ісі жөніндегі меңгерушісі қызметіне тағайындалды, 1997-2019 жылдар аралығында Торғай облысы, Амангелді ауданы, Үрпек ауылындағы эстетикалық бағыттағы Жаңаауыл орта мектебінің директоры болып жұмыс істеді. 22 жыл бойы мектепті басқарған Таңатқан Жұмабайұлы білім ордасына жаңа леп, тың серпіліс әкелді. Оның басшылығымен білім ошағы жаңа биіктерге көтеріліп, оқыту сапасы артты.

Ұстаздық етуден жалықпаған Таңатқан Жұмабайұлының еңбегі еленіп, 1988 жылы Білім министрінің «Құрмет грамотасын» алды. Ал 1994 жылы ұстаздар үшін ең жоғарғы марапат саналатын «ҚР Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері атанды.

Өнерге қайта оралу

Таңатқан Жұмабайұлы зейнет жасына жетсе де, өнерден қол үзбеді. «Замандас» хорының жетекшісі Валентина Зағитдулланың шақыруымен «Есіл-Нұра» ансамбліне келді. Бұл ансамбль – таланттардың басын қосқан ерекше ұжым. Ондағы әрбір топ мүшесі жүрегімен музы-

“ Көкшетау қаласынан халық хоры атағын қорғап келе жатқанда, ішкі сезімнің, қуаныштың қандай болғандығын сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Ерекше толқып, жанымыз жадырап, шат-шадыман күй кештік. Бір-бірімізді құттықтап, мәз-майрам болдық. Жергілікті халық біздің өнерімізді жоғары бағалап, қошемет көрсетіп, әлеуметтік желіде, жергілікті ақпарат құралдарында біраз танылып қалдық. Халықтың пейілінен артық сый жоқ. Көрерменнің қошеметіне бөленгенімізге біз де риза болдық. Әлемді өзіне қаратқан «Көшпенділер ойыны» кезінде де жан-жақтан келген меймандарды өнерімізбен тамсандырдық. Қоғамға, оның мәдени тұрғыдан дамуына сәл де болса үлес қосу бізді жаңа биіктерге жетелеп, шабыт береді.

ка әлеміне байланған, ешқандай марапат пен жалақы күтпей-ақ, ыстық-суыққа қарамай, үздіксіз дайындалады. Таңатқан Жұмабайұлы: «Өз басым өнер үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз деп тұрған жасы жетпіс пен сексеннің арасындағы ардагерлерді еш жерден әлі көрмедім. Бұл тек ардагерлердің басын қосатын орта ғана емес, ол – қаланың оң имиджін қалыптастыруға үлкен үлес қосқан белсенді ұжым», – дейді.

Қосшы қаласында мәдениет пен

мет көрсетіп, әлеуметтік желіде, жергілікті ақпарат құралдарында біраз танылып қалдық. Әлемді өзіне қаратқан «Көшпенділер ойыны» кезінде де жан-жақтан келген меймандарды өнерімізбен тамсандырдық. Қоғамға, оның мәдени тұрғыдан дамуына сәл де болса үлес қосу бізді жаңа биіктерге жетелеп, шабыт береді», – дейді ол шығармашылық дайындыққа тиянақты және жауапкершілікпен қарайтын ұжымның мүшесі ретінде.

Болашаққа үміт

Таңатқан Жұмабайұлы қазіргі жастардың ашық пікірін, талпынысын жоғары бағалайды: «Талантына кішкене қолдау танытсаң болды, өрбітіп, дамытып, жаңа леп беріп, халыққа тұшымды етіп ұсына алатын таланттар қалыптасып келе жатыр. Жалпы қазақ музыкасының, өнерінің болашағы кең, алар асуы биік». Ұжымның шығармашылық шыңдалуына үлес қосып жүрген Таңатқан Жұмабайұлы ардагерлерге қолдау болса, әлі де талай сахналы бағындырып, Қосшы өнерінің дамуына бұдан да зор үлес қосуға болатынын айтады. «Осы ретте музыкалық жетекшілеріміздің еңбегі еленіп, жалақы тағайындалса екен деген де тілегім бар. Үлкен сахналарда өнер көрсетуге біз әрқашан дайынбыз», – дейді ол.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауларында ардагерлердің қоғам дамуындағы маңызын үнемі атап өтеді. Мемлекет басшысы: «Ардагерлердің тәжірибесі мен даналығы – жастар үшін баға жетпес қазына. Олардың өмір жолы – өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге. Арда-

герлердің қоғамдағы белсенділігін арттыру, оларға жан-жақты қолдау көрсету – біздің міндетіміз», – деген болатын. Бұл сөздер Таңатқан Жұмабайұлы сияқты ағалардың қоғамға тигізер пайдасының қаншалықты зор екенін айқын көрсетеді.

Үлгілі отбасы

Таңатқан Жұмабайұлы – «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалінің, «Амангелді ауданына 90 жыл» медалінің және «Еңбек ардагері» медалінің иегері. Бұл марапаттар оңай келген олжа емес. Оның артында толайым еңбек пен қажырлы жұмыс жатыр.

Қосшы қаласының құрметті ақсақалы бүгінде 70 жаста. Жақсы білім, ізгі тәрбие алған 6 баласы – өз алдына бір-бір қауым ел. Жан жары Күлән Сәлімқызы – Арқалық педагогикалық институтын үздік тәмамдаған жоғары білімді физика маманы. Шәкірт тәрбиелеу жолында аянбай еңбек етіп, саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған жұп – бүгінде бақытты шаңырақтың ата-әжесі. Атасы мен әжесінің немере, шөбере дегенде жүрегі бөлек соғады. Бақыт пен берекені бір шаңырақ астында ұстап отырған бұл әулеттің үлгі етер тұсы көп.

Таңатқан Жұмабайұлының өмір жолы – адалдық, еңбекқорлық, өнерге деген құштарлық пен отбасы құндылықтарының жарқын көрінісі. Ол – өз еліне, халқына қалтқысыз қызмет еткен үлгілі ұстаз, қадірлі ақсақал және өнерпаз тұлға.

Гүлназ БИСЕН

Фотосурет кейінгілерін жеке архивінен



МАМАҢДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ!

Ұстаз болу – жай ғана мамандық емес, ол – жүректен берілетін ұлы қызмет. Шәкірттерінің әрбір жетістігіне қуанып, олардың өмір жолына шырақ бола білу – тек жүрегі мейірімге, рухы парасатқа толы адамның қолынан келетін іс. Осындай асыл қасиеттерді бойына жиған Әсия Пермеқұлқызы Дүйсенова – педагог-шебер, өзінің еңбек жолында көптеген жетістіктерге жеткен, білім саласына елеулі үлес қосқан тұлға.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ



Фотосурет: Байғалиева Асия Дүйсенова

Кейіпкеріміз 1973 жылдың 21 мамырында Шу облысы, Фрунзе қаласында дүниеге келген. Ол – бүгінгі күні Қосшы қаласындағы ІТ мектеп-лицейінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінен дәріс беріп, талай жылдар бойы шәкірт тәрбиелеп келе жатқан тәжірибелі ұстаз.

Әсия Пермеқұлқызы 1995 жылы Бішкек гуманитарлық университетін тәмамдап, педагогикалық қызметке алғаш қадам басаты. Еңбек жолын Қырғызстанның Озерное ауылындағы орта мектепте бастап, 2006 жылы Қазақстанға оралып, Осакаровка ауданының №12 орта мектебінде ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызмет атқарды. Ол жұмысында жауапкершілігімен, еңбекқорлығымен және шығармашылығымен танылды. 2009-2013 жылдары директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, ал 2018-2022 жылдар аралығында Осакаровка ауданы білім бөлімінің сектор меңгерушісі болып еңбек етті.

Ұстаздық жолында жеткен биіктері көп: бірнеше халықаралық, республикалық байқауларда жүлдегер атанған оқушылары мен шәкірттерінің жетістіктері – оның еңбекқорлығының айқын дәлелі. Сонымен қатар ұлағатты ұстаз көптеген ғылыми жұмыстар мен әдістемелік баяндамалар жазып, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі кәсіби іс-шараларға белсене қатысып жүр. Ол өзінің авторлық бағдарламаларын да ұсынды, бұл оның педагогикалық көзқарасының жаңашылдығын, білім беру әдісінде қолданып жүрген жаңа тәсілдердің тиімділігін көрсетеді.

Ә.Дүйсенова 2023 жылы «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының Алғыс хатын алып, «Үздік педагог» атағын иеленді. 2024 жылы Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгімен марапатталды. Еңбек жолында көптеген Құрмет грамоталарымен марапатталып жүрсе де, ол өзінің ең үлкен қуанышы оқушылары-

ның алған сапалы білімі мен олардың жеткен жетістіктері деп санайды. Оның еңбек жолы – үнемі ізденістерге толы, жаңашылдыққа құштар және шәкірттерін шығармашылыққа баулыған ұстаздық қызметтің үлгісі.

Бүгінде ұстаз тәрбиелеген оқушылар түрлі салада табысқа жетіп, елдің дамуына үлес қосып жүр. Олар Әсия Пермеқұлқызының есімін әрдайым мақтанышпен еске алып, алғыс сезіммен айтып отырады.

Әсия Пермеқұлқызы – өзінің ұстаздық жолын тек қана үлкен жауапкершілікпен, адалдықпен және сүйіспеншілікпен атқаратын білім саласының майталманы. Ол көптеген жылдар бойы жас ұрпаққа терең білім беріп, олардың бойына адамгершілік пен патриоттық тәрбие дарытып келеді. Әрбір сабағы мазмұнға толы, тәрбиелік мәні зор. Шәкірттері оны тек ұстаз ретінде ғана емес, ақылшы, жанашыр, сенімді тірек ретінде жақсы көреді.

Ә.Дүйсенова өзінің үлкен педагогикалық тәжірибесін жас әріптестерімен бөлісіп, білім беру саласында кәсіби даму мақсатында әртүрлі курстардан өтіп, оқушыларын халықаралық олимпиадаларға дайындауды жалғастырып келеді.

Қорыта келгенде, осындай жанмен бір ұжымда еңбек еткенім – мен үшін үлкен мәртебе әрі мақтаныш. Оның күнделікті тынымсыз еңбегі, шәкірттеріне деген шынайы қамқорлығы мен кәсіби біліктілігі – кез келген жас маманға үлгі. Жетістіктері – ұзақ жылдар бойы төгілген маңдай тердің, қажырлы еңбектің жемісі. Әріптес әрі құрбы ретінде ол – сенімді серік және ұлағатты ұстаз. Алдағы уақытта да зор денсаулық, шығармашылық шабыт пен табысты еңбек тілеймін. Ізгілік пен мейірім шашқан қадамдарыңызға сәттілік серік болсын!

Әсел Қырықбайқызы, әріптес
ұстаз, Осакаровка кенті

САЛЫҚ САЯСАТЫ

УАҚЫТЫЛЫ ТӨЛЕМ –
ҚАЛА ДАМУЫНА ҚОСЫЛҒАН ҮЛЕС

(Басы 1-бетте)

Салық төлеудің жолдары әртүрлі:

- e-Salyq Azamat мобильді қосымшасы арқылы тексеруге де, төлеуге де ыңғайлы;
- екінші деңгейлі банктердің қосымшалары – жылдам әрі сенімді;
- egov.kz электронды үкімет порталы үйден шықпай-ақ төлеуге мүмкіндік береді;
- банк бөлімшелері мен терминалдардары – дәстүрлі тәсілді қалайтындарға қолайлы.

Егер 1 қазанға дейін салық төленбесе, келесі күні, 2 қазаннан бастап, берешек туралы ресми хабарлама жолданады және күн сайын өсімпұл есептеледі. Одан гөрі, санада тыныштық, тәртіп болғанға не жетсін?

Ресми мәліметке сүйенсек, елімізде 7 миллионнан астам тұрғын үй нысаны салық салу аясына кіреді. Ақмола өңіріндегі азаматтардың жауапкершілік деңгейі жоғары, меншік иелерінің 92 пайызы салықты дер кезінде төлеген. Қаржылық тәртіпке деген мұндай көзқарас – тұрақтылықтың нақты көрсеткіші.

Қосшы қаласында да оң үрдіс

байқалады. Жергілікті тұрғындардың басым бөлігі салық міндеттемелерін мерзімінде орындайды. Мұндай ұжымдық тәртіп қалалық бюджетті нығайтуға, өмір сапасын арттыруға сеп болатыны анық.

Қалада серуендеп жүріп, таза аулалар мен жарықтандырылған көшелерге көз түседі. Іштей ойға қалам: «Осындай игі істерге мен де титтей болса да үлес қостым-ау». Осы қарапайым сезім – азаматтық ұстанымның белгісі емес пе?

Мүлік салығын уақытылы өтеу – заң талабы ғана емес, елге, ортақ шаңыраққа деген қамқорлықтың белгісі. Әр төленген теңге – жаңа жолдың негізі, жаңартылған мектептің іргетасы, жарық көшенің жарығы.

Сұрақтар туындаса, Қосшы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына жүгінуге немесе eGov порталы мен e-Salyq Azamat қосымшасының мүмкіндіктерін пайдалануға болады.

Салық төлеңіз! Қосшының дамуына, отбасыңыздың әл-ауқатына және қоғам тұрақтылығына үлес қосыңыз!

Жан НҰРАХМЕД

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

БӘРІ БІР СМС-ТЕН БАСТАЛДЫ...

(Басы 1-бетте)

Оның айтуынша, қылмыскерлер өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, есепшоттарды бұғаттауға байланысты шұғыл әрекет етуді сұрайды немесе онлайн саудадан тауар ұсынып, алдын ала төлем талап етеді. Сенімге кірудің түрлі жолын меңгерген қаскөйлер қаражатқа қол жеткізген соң, байланысқа шықпай қояды.

– Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, бірнеше қарапайым ережені есте ұстау маңызды. Ең әуелі жеке деректерді бөгде адамға айтуға болмайды. Банк картасының нөмірі, артқы жағындағы үш таңбалы код, SMS-пен келетін растау кодтары – тек иесіне ғана тиесілі мәліметтер. Сондай-ақ мүмкіндігінше екі сатылы аутентификацияны қосып қойған дұрыс, операцияларды растау үшін қосымша SMS қажет болуы қаскөнімдерге тосқауыл бола алады, – дейді полиция подполковнигі.

Интернет-дүкеннен тауар сатып аларда сатушының шынайылығына көз жеткізу керек. Арзан баға ұсынған бейтаныс адамға сеніп, алдын ала төлем жасағаннан кейін, уәде етілген тауар да, сатушы да ғайып болатыны – жиі кездесетін жағдай. Мұндайда ресми сайттар мен тексерілген платформаларды пайдалану қауіпсіздік кепіліне айналады.

Хат немесе мессенджер арқылы келген сілтемеге өтпес бұрын, оның жіберушісі расымен кім екенін анықтап алған жөн. Әсіресе, беймәлім нөмірден келген хабарламаларға күмән туса, сілтемелерді ашпаған дұрыс. Құпия ақпарат енгізуді талап ететін сайттарға кірерде URL мекенжайының «https» таңбасымен басталатынына назар аударған абзал. Ол шифрланған байланыс деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Сандық құрылғыларда орнатылған антивирусты жиі жаңартып отыру тағы бір маңызды қорғаныс



Фотосурет: Байғалиева Асия Дүйсенова

тәсілі саналады. Қауіпті сайттарды дер кезінде анықтап, күмәнді қосымшаларды бұғаттай алатын бағдарлама арқылы көптеген қолайсыздықтың алдын алуға болады.

Осындай қарапайым ережелерді сақтау арқылы интернеттегі алаяқтардың айланына алданбауға болады. Дегенмен, кез келген жағдайда күмән

тудыратын әрекетке тап келгенде, 102 жедел қызметіне немесе жергілікті полиция бөліміне жедел хабарласу – ең дұрыс шешім. Уақыт оздырмай әрекет ету қылмысты тоқтатуға, басқа азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге сеп болады.

Алмат КАБЕГЕНҰЛЫ

Jana
Bastau

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Дәулет АСАУ
Бас редактордың орынбасары
Гүлназ БИСЕН
Веб-редактор
Салтанат ЕСЕНҚҰЛОВА

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛ

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ
Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ
Корректор
Динара ДОСЫМЖАНҚЫЗЫ
Нөмірдің кезекшісі
Жанар АХМЕТОВА

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Ұсынылған материалдардың дұрыстығына редакция жауап бермейді.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 күнәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қю кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

📍 Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

☎ Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

📰 Газет «Jana Bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

✉ janabastau2022@gmail.com
🌐 www.janabastau.kz